

Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім беру саласындағы 2005 жылғы мемлекеттік сыйлықтарын беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 16 қарашадағы N 1131 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссияның ұсынымдарын қарап, Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім беру саласындағы 2005 жылғы мемлекеттік сыйлықтары мына авторларға берілсін:

1) "Қаракөл қой тұқымының қазақи түрі және елтірілі-етті-майлы өнімді құйрықты атырау қой тұқымы: шығару әдісі, қазіргі жай-күйі және дамыту перспективалары" ж ұ м ы с ы ү ш і н :

Оңтүстік-Батыс ауыл шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының Батыс Қазақстан тірек пунктінің меңгерушісі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Хисемидолла Ы с х а қ ұ л ы Ү к і б а е в қ а ;

Оңтүстік-Батыс ауыл шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы директорының орынбасары, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Нұрадин Әлібаевқа;

Атырау облысы "Жасқайрат" акционерлік қоғамының президенті Алғыбай А р ы с т а н ғ а л и е в к е ;

"Асыл түлік" акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академия Көпмахамбет Елемесовке;

Оңтүстік-Батыс ауыл шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының Батыс Қазақстан тірек пунктінің жетекші ғылыми қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Тағай Қансейітовке;

Оңтүстік-Батыс ауыл шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының директоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Әбдірахман Молданазарұлы О м б а е в қ а ;

Оңтүстік-Батыс ауыл шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының Батыс Қазақстан тірек пунктінің жетекші ғылыми қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Рабыха Дарушқызы Шамекеноваға;

2) "Қатты, сұйық және газ тәріздес жай-күйдегілер үшін ретсіз бөлшектердің бірыңғай теориясын әзірлеу және бастапқы алынған мыс пен мыс созбасының технологиясын жетілдіру, өндірісін ұлғайту және сапасын арттыру үшін оны қолдану"

ж ұ м ы с ы

ү ш і н :

Минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталықтың Ж.Әбішев атындағы Химия-металлургия институтының зертхана меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы, профессор Виталий Павлович Малышевке;

Химия-технологиялық зерттеулер орталығының бас директоры, техника ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Нұралы Сұлтанұлы Бектұрғановқа;

Минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталықтың Ж.Әбішев атындағы Химия-металлургия институтының жетекші ғылыми қызметкері, химия ғылымдарының кандидаты Астра Мұңдыққызы Нұрмағамбетоваға;

Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты кафедрасының доценті, химия ғылымдарының докторы Тоқтарбай Сүлейменовке;

3) "Нарықтық жағдайларда жаңа тиімділігі жоғары технологияларды әзірлеу және енгізу негізінде медициналық жәрдем көрсету жүйесін реформалау және жетілдіру моделі" ж ұ м ы с ы ү ш і н :

Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының Медицина орталығы Орталық клиникалық ауруханасының бас дәрігері, медицина ғылымдарының докторы, профессор Бекмахан Сыбанбайұлы Құралбаевқа;

Б.О.Жарбосынов атындағы Урология ғылыми орталығының директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор Мырзақарим Каримович Алчинбаевқа;

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медицина орталығының Орталық клиникалық ауруханасы бас дәрігерінің емхана жөніндегі орынбасары, медицина ғылымдарының кандидаты Шолпан Әбілқадырқызы Аюповаға;

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медицина орталығының бастығы, медицина ғылымдарының кандидаты Анатолий Григорьевич Дерновойға;

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медицина орталығының Орталық клиникалық ауруханасы бас дәрігерінің ұйымдастыру және экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары Қырмызы Қазықызы Игісіноваға;

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медицина орталығының Орталық клиникалық ауруханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары, медицина ғылымдарының кандидаты Гүлзада Рахманбердіқызы Ізбасароваға;

Б.О.Жарбосынов атындағы Урология ғылыми орталығы директорының ғылым жөніндегі орынбасары, медицина ғылымдарының докторы Ертай Қожахметұлы С ә р с е б е к о в к е ;

4) "Алматы қаласының ағынды суларын тазарту техникасы мен технологиясын оның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей жетілдіру" жұмысы үшін:

Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті Экология-экономикалық институтының директоры, техника ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық инженерлік академияның академигі Меңлібай Мырзахметовке;

Алматы қаласының су құбыры-кәріз шаруашылығы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас директоры, техника ғылымдарының кандидаты Василий Алексеевич З у е в к е ;

Алматы қаласының су құбыры-кәріз шаруашылығының мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны аэрация станциясының бастығы Асылбек Тауапшұлы Қасабековке;

Алматы қаласының су құбыры-кәріз шаруашылығының мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны "Су бөлу" еншілес коммуналдық кәсіпорнының бастығы, техника ғылымдарының кандидаты Шыңғыс Абылайұлы Тілеубердинге;

5) "Табиғи және техногендік қайталама шикізатты қайта өңдеудің инновациялық технологияларын құру және ұйымдастыру" жұмысы үшін:

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының және Ұлттық инженерлік академиясының академигі Уәлихан Қ о з ы к е ұ л ы Б и ш і м б а е в қ а ;

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы, профессор Нағима Орманбекқызы Ж а қ ы п б е к о в а ғ а ;

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор Беген О м а р ұ л ы Е с і м о в к е ;

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің кафедра профессоры, техника ғылымдарының докторы Құрманбек Тәжмаханбетұлы Ж а н т а с о в қ а ;

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің проректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Тұрлыбек Өтешұлы Ысқақовқа;

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының академигі Шаяхмет Молдабековқа;

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің факультет деканы, техника ғылымдарының докторы, профессор Қазым Садықұлы Нәдіровке;

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің факультет деканы, техника ғылымдарының докторы, профессор Біржан Саруарұлы Шәкіровке;

6) "Қазақстанның әлемдік жоғары технологиялық өнімдер нарығы - тұрақты изотоптар нарығына шығуын қамтамасыз ететін ғылыми-технологиялық және ақпараттық-талдау жұмыстарының кешені" жұмысы үшін:

әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, химия ғылымдарының кандидаты Анвар Рахимович Ишкеновке;

Минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталық бас директорының бірінші орынбасары, техника ғылымдарының докторы Дімкеш

М ұ қ а н о в қ а ;

"Қазқараметавтоматика" акционерлік қоғамының директоры, техника ғылымдарының кандидаты Тілеухан Серікбайұлы Намазбаевқа;

әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы, профессор Михаил Қасымұлы Наурызбаевқа;

әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жетекші маманы Валерий Александрович Световке ;

Минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталықтың зертхана меңгерушісі, химия ғылымдарының кандидаты Әлімғазы Оразұлы Сыдықовқа ;

Минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталықтың бас ғылыми қызметкері, геология-минералогия ғылымдарының докторы Эмиль Ефрамович Файнге (қайтыс болғаннан кейін).

2. Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім беру саласындағы 2005 жылғы мемлекеттік сыйлығының ақшалай бөлігінің мөлшері 1860000 (бір миллион сегіз жүз алпыс мың) теңге сомасында белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

2005 жылға арналған республикалық бюджетте 007 "Мемлекеттік сыйлықтар және стипендиялар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының ақшалай бөлігін төлесін;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаттарына тапсыру үшін дипломдар, куәліктер және құрмет белгілерін дайындауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі